

Атырау облысы Қызылқоға және Мақат аудандарының шекараларын өзгерту туралы

Атырау облысы әкімдігінің 2018 жылғы 15 маусымдағы № 146 бірлескен қаулысы және Атырау облыстық мәслихатының 2018 жылғы 20 маусымдағы № 222-VI шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 4 шілдеде № 4187 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабының 2) тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6, 27, 37-баптарына сәйкес Атырау облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және VI шақырылған Атырау облыстық мәслихаты кезекті XXII сессиясында ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Атырау облысы Қызылқоға ауданының жер қорынан жалпы көлемі 14148,0 гектар жер участкесін қосу арқылы Атырау облысы Мақат ауданының шекаралары өзгертилсін.

2. Атырау облысы Мақат ауданына жер қорынан жалпы ауданы 14148,0 га жер участкесін беру арқылы Атырау облысы Қызылқоға ауданының шекаралары өзгертилсін.

3. Осы бірлескен қаулы мен шешімнің орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің орынбасары Ә.И. Нәутиевке және Атырау облыстық мәслихатының зандылықты сақтау, депутаттық этика және құқық қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы А.А. Абдоловқа жүктелсін.

4. Осы бірлескен қаулы мен шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап қүшіне енеді және олар алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

H. Hoғaev

Сессия төрағасы

E. Юсупов

Мәслихат хатшысы

Ә. Зинуллин